

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары	2	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан	2
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....	23	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан	23
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....	50	Постановления судебной коллегии по административным делам Верховного Суда Республики Казахстан	50
Соттардың Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдануының сот практикасын қорыту	61	Обобщение судебной практики применения судами норм международных договоров Республики Казахстан	61

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер
жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений судебной коллегии по уголовным делам
Верховного Суда Республики Казахстан**

Қосымша жаза тағайындау

**ҚК-нің 99-бабы бірінші бөлігінің санкциясында
қосымша жаза тағайындау көзделмеген**

2022 жылғы 12 мамыр

№ 2уп-68-22

Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2019 жылғы 29 қазандағы үкімімен:

Ш. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 99-бабының бірінші бөлігімен 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталған, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеуге белгіленген. ҚК-нің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қосымша жазасы тағайындалған.

Сот үкімімен Ш. адам өлтіргені үшін кінәлі деп танылған.

Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысымен үкім өзгеріссіз қалдырылған.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры наразылығында ҚК-нің 99-бабы бірінші бөлігінің санкциясында Қазақстан Республикасының шегінен мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберу және Қазақстан Республикасының аумағына кіруге бес жылға тыйым салу түріндегі қосымша жазалар тағайындау көзделмегенін көрсетіп, Ш.-ға тағайындалған қосымша жазалардың күшін жоюды сұраған.

Сот іс бойынша заңның талаптарын сақтай отырып, сот тергеуін жан-жақты жүргізіп, объективті бағаланған, дәйектілігі жағынан ешбір күмән келтірмейтін нанымды дәлелдемелер жиынтығын негізге алып, Ш. үкімде сипатталған қылмыстық әрекетті жасағаны үшін кінәлі деген тұжырымға дұрыс келген.

Сотта анықталғандай, 2019 жылғы 4 шілдеде туындаған төбелес барысында Ш. Д.-ның сол жақ мойын тұсына бір рет пышақпен соққы жасап, оқиға орнынан бой тасалаған. Алған дене жарақаты салдарынан Д. ауруханада көз жұмған.

Көрсетілген фактілер Ш.-ның, куәлар С.-нің, Ә.-нің жауаптарымен расталады.

Ш.-ның қылмыс жасағаны дәлелдердің жиынтығымен толық дәлелін тапқан.

Оның іс-әрекеті дұрыс сараланған.

Ш.-ға негізгі жаза тағайындағанда, сот ҚК-нің 52-бабының талаптарын басшылыққа алып, оның жасаған қылмысының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, жеке басын сипаттайтын деректерді, қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды толық ескерген.

ҚК-нің 55-бабының екінші бөлігінің ережелері қолдануға жатпайды, себебі ауырлататын мән-жай ретінде Ш.-ның қылмыс жасау кезінде алкогольдік масаң күйде болғаны танылған.

Сонымен бірге, сот заң талаптарына қайшы Ш.-ға қосымша жаза тағайындаған.

ҚК-нің 51-бабына сәйкес соттың қалауы бойынша шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу осы адамның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу қосымша жазасын тағайындауға мүмкіндіктер көзделмеген.

ҚК-нің 99-бабы бірінші бөлігінің санкциясында аталған қосымша жаза тағайындау көзделмеген.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Ш.-ға тағайындалған қосымша жазаның күші жойылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Ш.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертті.

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу және Қазақстан Республикасы аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу түріндегі қосымша жазаның күші жойылды.

Сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырылды.

Қосымша жаза тағайындау

ҚК-нің 51-бабында аталған қосымша жазаны соттың қалауы бойынша тағайындау құзыреті көзделмеген

2022 жылғы 16 маусым

№ 2уп-130-22

Шымкент қаласы Абай аудандық сотының 2019 жылғы 16 шілдедегі үкімімен:

Д. бұрын Шымкент қаласы Абай аудандық сотының 2016 жылғы 19 сәуірдегі үкімімен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 24-бабының екінші бөлігімен, 188-бабы екінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақтарымен, 188-бабының үшінші бөлігімен, 287-бабының бірінші бөлігімен кінәлі деп танылып, ҚК-нің 58-бабы үшінші бөлігінің негізінде түпкілікті 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға сотталған.

2017 жылғы 16 қазанда ҚК-нің 73-бабының негізінде өтелмеген жазасы 1 жыл 8 ай 2 күні бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылған.

- ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 60-бабының бірінші, төртінші бөліктері негізінде түпкілікті 3 жыл 9 айға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеуге сотталған.

ҚК-нің 14-бабы бірінші бөлігінің негізінде Д.-ның іс-әрекетінде қылмыстардың қайталануы танылған.

Жазасын өтеу мерзімі 2019 жылғы 3 наурыздан бастап есептелген.

Жәбірленуші Д.-ның эпизоды бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысуы дәлелденбеуіне байланысты, ол ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен ақталған.

Сот үкімімен Д. алдын ала адамдар тобының сөз байласуымен бірнеше рет тұрғын үй-жайға заңсыз кіру арқылы бөтеннің мүлкін жасырын жымқырғаны үшін кінәлі деп танылған.

Осы үкіммен Н.-да сотталған, оған қатысты сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат келтірілмеген.

Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 18 қыркүйектегі қаулысымен сот үкімі өзгертілген.

Д.-ға ҚК-нің 51-бабы екінші бөлігінің негізінде қосымша жаза ретінде Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу тағайындалған.

Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, прокурордың апелляциялық өтінішхаты қанағаттандырылған.

Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 6 қарашадағы қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз, сотталған Д.-ның апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сотталған Д.-ның үкімнің сипаттау-уәждеу бөлігінде көрсетілген мән-жайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсінің дәлелденгендігі туралы сот тұжырымдары басты сот талқылауында объективті түрде зерттеліп, тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген және істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді.

Сотталғанның кінәсінің дәлелденуі мен қылмыстық іс-әрекетінің саралануы дауланбайды.

Д.-ның қылмыстық іс-әрекеті ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен дұрыс сараланған.

Бірінші сатыдағы сот Д.-ға жаза тағайындағанда, ҚК-нің 52-бабының талаптарын басшылыққа алып, оның жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескеріп, сот актісінде жаза түрі мен мерзімін тағайындаудың уәждерін толық көрсетіп, жаза тағайындаған.

Алайда апелляциялық сатыдағы сот айыптау үкімін негізсіз өзгертіп, ҚК-нің 51-бабының екінші бөлігін басшылыққа алып Д.-ға жоғарыда аталған қосымша жаза тағайындаған.

ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігі 2) тармағының санкциясында сотталғанды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі қосымша жаза көзделмеген.

Ал ҚК-нің 51-бабында аталған қосымша жазаны соттың қалауы бойынша тағайындау құзыреті көзделмеген.

Сонымен қатар соттың бұл шешімі «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 21-тармағында көзделген талаптарға да қайшы келеді.

Демек, сот өз бастамасымен сотталғанға Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу түріндегі қосымша жаза тағайындап, ҚК-нің 52-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және осы Кодекстің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады деген талаптарын назардан тыс қалдырған.

Істің мұндай тұрғысында, сот алқасы апелляциялық сатыдағы соттың Д.-ға қатысты оны Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі қосымша жазаны тағайындағаны заңға қайшы келеді деп есептейді. Сол себепті сотталған Д.-ға қатысты апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы өзгертіліп, тағайындалған қосымша жазаның күші жойылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Ш.-ға қатысты апелляциялық сатыдағы соттың қаулысын өзгертті.

Д.-ны Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі тағайындалған қосымша жазаның күші жойылды.

Қаулының қалған бөліктері өзгеріссіз қалдырылды.

Адвокат А.-ның өтінішхаты қанағаттандырылды.

Үкімнің заңдылығы мен негізділігі

Жергілікті соттар сотталушының қылмыстық іс-әрекеттерін ҚК-нің 176-бабы төртінші бөлігінің «б» тармағымен, 228-бабымен дұрыс саралаған

2022 жылғы 16 маусым

№ 2ун-124-22

Түркістан облысы Сайрам аудандық сотының 2021 жылғы 19 шілдедегі үкімімен:

С. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 176-бабы төртінші бөлігінің «б» тармағымен (1997 жылғы редакцияда) коммерциялық ұйымдарда басшы қызметін атқару құқығынан 3 жыл мерзімге айыра отырып, 7 жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге сотталған.

ҚК-нің 228-бабымен (1997 жылғы редакцияда) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, ҚК-нің 71-бабы бірінші бөлігінің 3) тармағына сай қылмыстық жауаптылықтан бостатылған.

С.-дан «Қ» өндірістік кооперативінің (бұдан әрі – ӨК) пайдасына 61 009 600 теңге материалдық шығын, ал мемлекет пайдасына 1 830 288 теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Сот үкімімен С. ӨК-нің төрағасы бола тұра, қызмет бабын пайдалана отырып, аса ірі мөлшердегі сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін қасақана ысырап етіп ұрлау нәтижесінде ӨК-ге және оның мүшелеріне жалпы 61 009 600 теңгеге материалдық залал келтіргені, сондай-ақ өз өкілеттіктерін осы ұйымның заңды мүдделеріне қарсы және өзі үшін пайда мен артықшылықтарды алу мақсатында ӨК-нің жер учаскелерінің аукцион арқылы сатылуына жол беріп, ӨК-нің және оның мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіргені үшін кінәлі деп танылған.

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 22 қазандағы қаулысымен сот үкімі өзгертілген.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағы қолданылып, 7 жылға бас бостандығынан айыру мерзімінің 2021 жылы 22 қазанға дейін өтелмеген 5 жыл 4 ай 27 күн бас бостандығынан айыру жазасының жартысы қысқартылып, С.-ға түпкілікті өтеуге 2 жыл 8 ай 13 күнге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. ҚК-нің 63-бабы қолданылып, белгіленген бас бостандығынан айыру жазасы шартты деп саналып, сынақ мерзімі тағайындалған.

Бас Прокурор наразылығында С.-ға қатысты сот актілерімен келіспей, сот аудитордың қорытындысын дәлелдеме ретінде негізсіз

басшылыққа алғанын, сотталғанның соңғы сөз сөйлеу құқығы бұзылғанын көрсетіп, яғни істі сотта қарау барысында қылмыстық-процестік заңдардың дұрыс қолданылмауы салдарынан адамның заңсыз сотталуына әкеп соққандықтан, сот актілерінің күшін жоюды сұраған.

Адвокат У. қорғауындағы С.-ның мүддесін қорғап, келтірген өтінішхатында сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында заң талаптары бұзылғанын, төменгі сатыдағы соттар қорғаушы тараптың уәждерін негізге алмағанын, қылмыстық-процестік заңдарды дұрыс қолданбағанын көрсетіп, материалдық және процестік нормалардың сақталмауына жол берілгендіктен, заңсыз үкім шығарған деп есептеп, сот актілерін қайта қарауды сұраған.

Жәбірленуші тарап прокурордың кассациялық наразылығына және қорғаушы тараптың өтінішхатына қарсы пікір білдіріп, прокурор қорғаушы тараптың өтінішхатын негізсіз қолдағанын, аудиторлық тексеру тағайындау туралы қаулы бойынша апелляциялық сатыдағы сот заңды шешім қабылдағанын, тексерудің қорытындысы іс материалдарына тіркелген уақытта тараптар онымен келіспейтіндігі туралы өтініштер білдірмегенін, сондай-ақ С.-ға соңғы сөз сөйлеуге мүмкіндік берілгенін, сотталғанның кінәсі толық дәлел тапқанын көрсетіп, сот актілерін өзгеріссіз қалдыруды сұраған.

Сотталғанның айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігінде көрсетілген мән-жайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсінің дәлелденгендігі туралы сот тұжырымдары басты сот талқылауында объективті түрде зерттеліп, тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген және істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді.

С. тағылған айып жәбірленушілер мен олардың өкілдерінің, куәлардың айғақтарымен және іс бойынша жинақталған басқа да дәлелдемелер жиынтықтарымен расталады.

Басты сот талқылауында С.-ның ӨК-нің төрағасы бола тұра, өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ысырап етіп ӨК-ге және оның мүшелеріне материалдық залал келтіргені, сондай-ақ өз өкілеттіктерін осы ұйымның заңды мүдделеріне қарсы және өзі үшін пайда мен артықшылықтарды алу мақсатында ӨК-нің жер телімдерін аукцион арқылы сатылуына жол беріп, ӨК-нің және оның мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіргені анықталған.

Өз кезегінде апелляциялық сатыдағы сот үкімнің заңдылығы мен негізділігін тексеріп, қорғаушы тараптың осы өтінішхатта көрсеткен уәждерін жан-жақты тексеріп, С.-ның кінәсі толық дәлелденген деген негізді тұжырымға келген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қылмыстық іс бойынша ӨК-нің есеп-шотына түскен қаражаттардың қандай қажеттілікке

жұмсалғанын анықтау мақсатында 2020 жылғы 4 қарашада «Ж» ЖШС-ға аудиторлық тексеру тағайындау туралы қаулы қабылдаған.

Қорғаушы тарап аталған қаулымен келіспей, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 106-бабындағы тәртіппен тергеу сотына шағымданған.

Түркістан қаласының мамандандырылған тергеу сотының 2020 жылғы 13 қарашадағы қаулысымен аудиторлық тексеру тағайындау туралы қаулы заңсыз деп танылып, оның күші жойылған.

Аталған қаулымен Түркістан облыстық прокуратурасы келіспей, апелляциялық сатыға өтінішхат келтіру нәтижесінде 2020 жылғы 30 қарашада тергеу сотының 2020 жылғы 13 қарашадағы қаулысы бұзылып, қылмыстық қудалау органының аудиторлық тексеруді тағайындау туралы шешімі негізді деп танылып, прокурордың өтінішхаты қанағаттандырылған.

Тергеушінің аудиторлық тексерісті «Ж» ЖШС-ға жүктеген әрекеті заң талаптарына қайшы келмейді. Өйткені аталған ЖШС-ға «Қазақстан аудиторлық ұйымдардың және аудиторлардың институты» кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі екендігі жөнінде 2017 жылғы 14 тамызда № 0009-ЮЛ санды куәлік берілген. Сәйкесінше аталған қаулының орындалуы ЖШС-ның маманына жүктеліп, оған қажетті құжаттар ұсыныла отырып ҚПК-нің 79-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілген. Сондықтан өткізілген аудиторлық тексерістің қорытындысына күмән келтіруге негіз жоқ.

Бас Прокурор наразылығында Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қабылдаған қаулысына күмән келтіріп, «Төрелік» ақпараттық жүйесінде бір-біріне қарама-қайшы екі қаулы тіркелгендігін көрсете отырып, қылмыстық іс бойынша шығарылған түпкілікті сот актілерінің күшін жойып, оларды қайта қарау үшін өз уәждерін келтірген.

Іс материалдарын зерделеу барысында анықталғандай, Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы 2020 жылғы 30 қарашада жабық сот отырысын прокурордың, тергеушінің және адвокаттың қатысуымен заң талаптарына сай өткізіп, тергеу сотының тергеушінің аудиторлық тексеру тағайындау туралы қаулысы заңсыз деп таныған қаулысының күшін жойып, тараптарға қабылданған шешімді түсіндірген. Сондай-ақ қаулы көшірмесін тараптарға жолдаған.

Осы ретте прокурор апелляциялық сатыдағы сот қабылдаған қаулыға негізсіз күмән келтірген.

Сонымен қатар Бас Прокурор наразылығында сот тергеуі барысында сотталушы С.-ға соңғы сөз берілмей, оның құқықтары бұзылғандығын көрсеткен.

Алайда іс материалдарын зерделеу барысында анықталғандай, 2021 жылғы 12 шілдедегі басты сот талқылауында төрағалық етуші

сотталушы С.-ға соңғы сөз берген. Ол өзіне берілген құқықты пайдаланып, жалпы 2 сағат 36 минутқа созылған сөз сөйлеу кезінде азаматтық істер бойынша шешімдер ұсынуына байланысты төрағалық етуші сот тергеуін қайта бастап, ұсыну бойынша тараптардың пікірлерін тыңдап шешім қабылдаған. Кейін сотталушы С.-ға соңғы сөз берілген кезде ол бұрын айтылған соңғы сөзіне қосып алатыны жоқ екенін көрсеткендіктен, сот қылмыстық іс бойынша шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткен. Демек бірінші сатыдағы сот заң талаптарына сай сотталушыға соңғы сөз беріп, ҚПК-нің 385-бабының талаптарының бұзылуына жол бермеген.

Төрағалық етуші сот тергеуінде тараптарға істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге деген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай жасап, сот үкімінде С.-ның кінәлілігін дәлелдейтін жеткілікті дәлелдемелерге тиісті баға беріп, негізді тұжырым жасаған.

Қылмыстық істегі барлық дәлелдемелер жан-жақты, толық, объективті түрде зерттеліп, сот тұжырымдары үкімде негізделген. Істің нәтижесіне ықпал еткен қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың өрескел бұзылуына жол берілмеген. Осыған орай сот баға берген дәлелдемелермен келіспеуге негізделген қорғаушы тараптың уәждері сот актілерін қайта қарауға негіз болатын қылмыстық-процестік заңның елеулі түрде бұзылуына жол берілгендігін растамайды.

Істің мұндай тұрғысында, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы мен қорғаушының өтінішхатта көрсеткен уәждері іс материалдарындағы дәлелдемелермен теріске шығарылуына орай негізсіз болып табылады.

Осылайша, сот алқасы бірінші сатыдағы сот заң талаптарын сақтай отырып, нақты деректерге баға беріп, әрбір дәлелдемені оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалап, С.-ның қылмыстық іс-әрекеттерін ҚК-нің 176-бабы төртінші бөлігінің «б» тармағымен, 228-бабымен дұрыс саралаған деген қорытындыға келді.

Сонымен бірге апелляциялық сатыдағы сот С.-ға жаза тағайындау кезінде оның жасаған қылмысының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, ӨК-гене және жәбірленушілерге келтірілген материалдық залалды толық өтегенін, жанұялы екенін, тұрғылықты мекенжайы барын, бұрын сотты болмағанын, зейнеткер екенін ескеріп, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаны заңға сай тағайындаған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған С.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы және адвокат У.-дың өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылды.

Үкімнің заңдылығы мен негізділігі

Сотталушының іс-әрекеттері ҚК-нің 190-бабы төртінші бөлігі 2) тармағымен дұрыс сараланған

2022 жылғы 21 маусым

№ 2уп-134-22

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық сотының 2021 жылғы 6 қазандағы үкімімен:

Қ. бұрын Аягөз аудандық сотының 2021 жылғы 13 шілдедегі үкімімен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК)190-бабы төртінші бөлігінің 2) тармағымен материалдық жауаптылыққа байланысты лауазыммен және қызметпен айналысу құқығынан 6 жылға тыйым сала отырып, 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталған,

- ҚК-нің 190-бабы төртінші бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, материалдық жауаптылыққа байланысты лауазымды және қызметпен айналысу құқығына 5 жылға тыйым сала отырып, 5 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының үшінші, алтыншы бөліктері арқылы материалдық жауаптылыққа байланысты лауазымды немесе қызметпен айналысу құқығына 6 жылға тыйым сала отырып, 6 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтеу тағайындалған.

Сот үкімі бойынша Қ. алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен екі немесе одан да көп адамға қатысты аса ірі мөлшерде ақшаға құқықты иелену жолымен жымқырған.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Бас Прокурордың наразылығында қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдардың дұрыс қолданылмауы сотталған адамның іс-әрекетін дұрыс сараламауға әкеп соққандықтан, Қ.-ның іс-әрекетін ҚК-нің 190-бабы төртінші бөлігінің 2) тармағынан ҚК-нің 190-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағына қайта саралап, 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды, 2021 жылғы 13 шілдедегі үкімімен тағайындалған жазасын ҚК-нің 58-бабының үшінші, алтыншы бөліктеріне сәйкес түпкілікті материалдық жауаптылыққа байланысты лауазымды және қызметпен айналысу құқығына 6 жылға тыйым сала отырып, 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау көрсетілген.

Іс бойынша анықталғандай, Қ. Аягөз қаласының тұрғындары мен өзінің туыстарына аудандық мемлекеттік кірістер басқармасында экономика мен қаржы саласында әртүрлі қызметтерде жұмыс жасағанын, кейіннен «Т» консталтингтік компаниясында білімін жетілдіріп, мемлекеттік

сатып алулармен шұғылдану үшін жұмыстан шыққанын, тендерлерге «С» АҚ арқылы қатысатындығын, тендерге инвесторлар ретінде құйған ақша ай сайын 50 пайыз мөлшерде үстемемен қайтатындығын айтып сендіріп, 2019 жылы жәбірленуші Б.-ның - 2 075 000 теңге, Ш.-ның - 2 570 000 теңге, Б.-ның - 4 575 000 теңге және С.-ның - 948 000 теңге ақшаларын алдау арқылы жымқырған.

Сотталған Қ.-ның кінәсі жәбірленушілер Б., Ш., Б. және С.-лардың жалпы жиыны 10 168 000 теңге ақшасын аса ірі мөлшерде алаяқтық жолмен жымқырғаны сот отырысында зерделенген дәлелдемелер жиынтығымен бекиді.

Сот отырысында жәбірленушілер Б., Ш., К. және С. берген жауаптарында Қ.-ның «тендерге ақша салып көп мөлшерде үстеме пайда аласыңдар» деген алдауына сеніп, Қ.-ға пайда табу үшін қомақты мөлшерде ақша салымдарын жасағандарын, басында ай сайынғы салған ақшаларының үстемесін сұраған кездерінде алып отырғанын, алайда 2019 жылдың аяғына қарай пайдасы ретінде сұраған ақшаларын ала алмағандарын, кейіннен салған ақшаларын мүлдем ала алмағандарын, 2020 жылдың қаңтар айында өздерінің алданғандарын білгендігін көрсеткен.

Жәбірленушілердің Қ.-ға қомақты мөлшерде тендерге қатысып, пайда табу үшін ақша салғандары сотталған Қ.-ның оларға жазып берген қолхаттарымен, жәбірленушілердің сотқа ұсынған М. мен Қ.-ның «Вацап» мессенджерімен сөйлескен жазбаларымен, Е. есепшотына түскен ақша аударымдары туралы түбіртектермен, Е.-нің және Қ.-ның банк шоттарында қомақты мөлшерде ақша болғандығын көрсеткен банк ұсынған есепшоттарының үзінділерімен, куәлардың жауаптарымен, ақша айналымы туралы М.-ның жазған дәптерлермен, Аягөз аудандық сотының 2021 жылғы 13 шілдедегі үкімімен өз дәлелін тапқан.

Куә О. өз жауабында Қ.-мен танысқанын, сол кезде Қ. тендермен айналысып жүргенін, ол өзіне ақша салсаң, 10 күн сайын 50 пайызға көбейтіп беремін деп айтқанын, өзі Қ.-ның сөзіне сеніп, оның кәсібіне қомақты мөлшерде ақша салғанын, ол бастапқы кезде пайыздық үстемесін уақытылы қайтарып беріп отырғанын, соңғы кездерде ақшасын қайтармаған соң одан пайыздық өсімімен қайтарып берем деген қолхат жаздырып алғанын, өзі қарындасы О.-ның «Х» карточкасын алып, Қ.-ға берешек ақшаны осы карточкаға аудару керектігін айтқанын. 2020 жылғы желтоқсан айында анасы Б.-ның Қ.-ға 510 000 теңге ақша салғандығын естіп білгенін. Қ. анасына қырық пайыз мөлшерінде пайыздық үстемесімен қайтарып берем деп айтқанын анасынан естігенін көрсеткен.

Куә М., О. және А. ұқсас жауаптар берген.

Сонымен бірге 2021 жылғы 3 маусымдағы заттарды қарау хаттамасы бойынша Ш.-дан ақша аударғаны «Х», «К» үзіндісімен расталады. Оған сәйкес Ш.-ның есіпшотынан үзінділер, аударымдар

туралы мәліметтер алынған. Онда Қ.-ның есепшотына түскен аударымдар көрсетілген.

Сот Қ.-ның ешқандай тендерге қатыспағандығын анықтады. Куә Ш.-ның жаубында Қ.-ны танымайтынын, одан ешқандай тендерге салу үшін ақша алмағандығын, өзі жалдамалы жұмыспен айналысатынын, ешқашан тендерге қатыспағанын, келісімшартта көрсетілген өзінің жеке куәлігі бұрын жоғалтып алған куәлігінің деректері екендігін, келісім-шарттағы қол өзінікі еместігін айтқан. Куәлар Н., Т., А., Қ.-лардың еш уақытта тендерге қатыспағандығын көрсеткен.

Сондықтан сотталған Қ.-ның іс-әрекеттері ҚК-нің 190-бабы төртінші бөлігі 2) тармағымен дұрыс сараланған, себебі ол екі немесе одан да көп адамға қатысты бөтеннің мүлкін алаяқтық, яғни сенімді теріс пайдалану жолымен аса ірі мөлшерде бөтен мүлікке құқықты иемденіп, жымқырған.

Аяғөз аудандық сотының 2021 жылғы 13 шілдедегі үкімімен Қ.-ны 35 жәбірленушілерге аса ірі мөлшерде залал келтіріп, алаяқтық жасағаны үшін ҚК-нің 190-бабы төртінші бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылған.

Осылайша, осы қылмыстық іс бойынша Қ. дәл осындай қылмыстық әрекеттерімен қаржы пирамидасын құрған. Осыған байланысты жәбірленушілерге келтірілген залал жалпы сомасы бойынша есепке алуына жатады.

Прокурордың наразылығында келтірілген залалдың мөлшерін әрбір жәбірленушіге жеке-жеке бөлу және Қ.-ның іс-әрекетін ірі залал келтірді деп қайта саралау қажет деген уәждері негізсіз ретінде қанағаттандыруға жатпайды.

Сот Қ.-ға жаза тағайындаған кезде жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін және сотталғанның жеке басын, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды ескерген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Қ.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Жаза тағайындау

Сотталғандардың жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарға жатпайды

2022 жылғы 21 маусым

№ 2уп-136-22

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы № 2 сотының 2021 жылғы 8 қазандағы үкімімен:

Ш., А., Ж. бұрын сотталмағандар, әрқайсысы ҚК-нің 216-бабының үшінші бөлігімен шот-фактура жазумен байланысты кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға, жазаларын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуге сотталған.

Осы үкіммен Ө. мен М. да сотталған, оларға қатысты наразылық келтірілмеген.

Сот үкімімен сотталғандар Ш., А. және Ж. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен мүліктік пайда алу мақсатында іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей, шот-фактуралар жазу бойынша әрекеттер жасап, мемлекетке аса ірі залал келтіргені үшін кінәлі деп танылған.

Қылмыстық іс апелляциялық сатыда қаралмаған.

Бас Прокурор наразылықта сотталғандар Ш., А. және Ж.-лардың кінәларының дәлелденуі мен қылмыстық іс-әрекеттерінің саралануын дауламай, үкімді оларға қосымша жаза қылмыстық заң талабы бұзылып тағайындалуына байланысты өзгертуді сұраған.

Соттың сотталғандар Ш., А. және Ж.-лардың айыбына тағылған қылмыстық құқық бұзушылықты үкімде баяндалған мән-жағдайда жасаған деген тұжырымы сот отырысында егжей-тегжейлі, мұқият тексеріліп, тиісті бағасын алған дәлелдемелерге негізделген және ол наразылықта да дауланбайды.

Сонымен, сот Ш., А. және Ж.-лардың іс-әрекеттерін ҚК-нің 216-бабының үшінші бөлігімен дұрыс саралаған.

Негізгі жаза сотталғандарға ҚК-нің 52-бабы негізінде әділ тағайындалған. Ал қосымша жаза тағайындауда қылмыстық заңның талаптары бұзылған.

ҚК-нің 50-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым

салудан тұрады және ол бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Сыбайлас жемқорлық және кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы, сондай-ақ ҚК-нің 132-бабының екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде, 133-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 345-1-бабының төртінші бөлігі мен 346-бабымен көзделген қылмыстарды жасағаны үшін аталған қосымша жаза өмір бойына тағайындалады.

Сонымен қатар, «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 22-тармағына сәйкес лауазымы бойынша міндеттерін атқаруына немесе белгілі бір қызметпен айналысуына байланысты қылмыс жасаған әрбір жағдайда, ҚК-нің 50-бабына сәйкес, сот жасаған қылмыстың сипатын ескеріп, сотталушының белгілі лауазымдарды атқару немесе нақтылы қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы мәселені шешуге міндетті. Үкімнің қарар бөлімінде лауазымдар немесе қызметтің түрі нақты көрсетілуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының атқаруға құқығы жоқ лауазымдардың түрлерін анықтамай тұрып, оны қандай да бір салада немесе қандай да болмасын ұйымдарда жұмыс істеу құқығынан айыруға болмайды. Қосымша жазаның осы түрін тағайындай отырып, сот оның өмір бойына тағайындалуы ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде тікелей көрсетілген қылмыстардың жекелеген санаттары үшін ғана көзделгенін ескеруі тиіс. Аталған тізбеге кірмейтін басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру, егер қосымша жазаның осы түрі ҚК-нің санкциясында міндетті жаза ретінде көзделсе де тағайындалмайды. Мұндай жағдайларда сот қосымша жазаның осы түрін тағайындаудың жалпы негіздері мен шарттарын басшылыққа алуы тиіс, оларға сәйкес жаза бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Іс материалдарынан анықталғандай, сотталғандар Ш., А. және Ж.-лардың жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарға жатпайды.

Демек оларға белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қосымша жаза негізсіз тағайындалған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталғандар Ш., А. және Ж.-ларға қатысты бірінші сатыдағы соттың үкімін өзгертті.

Ш.-ға, А.-ға және Ж.-ға тағайындалған шот-фактура жазумен байланысты кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қосымша жазаның күші жойылды. Оларға ҚК-нің 216-бабының үшінші бөлігімен коммерциялық ұйымдарда басшылық

лауазымдарды атқару құқығынан 10 жыл мерзімге айыру түріндегі қосымша жаза тағайындалды.

Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, Бас Прокурордың наразылығы қанағаттандырылды.

Назначение дополнительного наказания

Суд, назначая осужденному дополнительное наказание в виде выдворения за пределы Республики Казахстан, нарушил требования части 1 статьи 52 УК

16 июня 2022 года

№ 2ун-131-22

Приговором Алмалинского районного суда города Алматы от 18 февраля 2021 года:

С., гражданин Республики Таджикистан, ранее не судимый, осужден по пунктам 2), 3) части 3 статьи 188 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 3 годам 6 месяцам лишения свободы с отбыванием наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности, с выдворением за пределы Республики Казахстан после отбытия основного вида наказания сроком на 5 лет.

Взыскан с С. материальный ущерб в пользу М. 210 000 тенге, П. 392 000 тенге, Б. 373 348 тенге, У. 392 000 тенге, Р. 392 000 тенге, А. 392 000 тенге, Х. 876 463 тенге.

Взысканы с С. в доход государства государственная пошлина в размере 30 273 тенге и в Фонд компенсации потерпевшим принудительный платеж в размере 58 340 тенге.

Приговором суда С. признан виновным в совершении тайного хищения чужого имущества, неоднократно, с незаконным проникновением в служебное помещение.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Алматинского городского суда от 14 апреля 2021 года приговор суда оставлен без изменения.

В ходатайстве осужденный С., не оспаривая доказанность своей вины и правильность квалификации, просит с учетом смягчающих обстоятельств назначить более мягкое наказание, предусмотренное санкцией статьи.

Выводы суда о доказанности вины С. в инкриминированных ему деяниях при обстоятельствах, указанных в приговоре, основаны на совокупности доказательств, всесторонне, полно и объективно исследованных в судебном заседании, никем не оспариваются.

Действия С. правильно квалифицированы по пунктам 2), 3) части 3 статьи 188 УК.

Основное наказание осужденному назначено соразмерно содеянному, с учетом требований статьи 52 УК, личности осужденного, обстоятельств, смягчающих уголовную ответственность и наказание. Оснований для снижения наказания осужденному не имеется.

Вместе с тем при назначении дополнительного наказания в виде выдворения за пределы Республики Казахстан судом допущено нарушение закона.

Так, санкция по пунктам 2), 3) части 3 статьи 188 УК не предусматривает дополнительное наказание в виде выдворения за пределы Республики Казахстан.

Суд, назначая по собственной инициативе осужденному С. дополнительное наказание в виде выдворения за пределы Республики Казахстан, нарушил требования части 1 статьи 52 УК, в соответствии с которыми лицу, признанному виновным в совершении уголовного правонарушения, назначается справедливое наказание в пределах, установленных соответствующей статьей Особенной части УК, с учетом положений Общей части УК.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменила судебные акты местных судов в отношении С.

Отменила назначенное С. дополнительное наказание в виде выдворения за пределы Республики Казахстан сроком на 5 лет.

В остальной части судебные акты оставлены без изменения.

Ходатайство осужденного удовлетворено частично.

Назначение дополнительного наказания

Санкция части 1 статьи 124 УК предусматривает дополнительное наказание в виде пожизненного лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью

7 июня 2022 года

№ 2ун-111-22

Приговором специализированного межрайонного суда по уголовным делам г.Нур-Султана от 10 сентября 2021 года:

П., ранее не судимый, осужден по части 1 статьи 124 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 6 (шести) годам 6 (шести) месяцам лишения свободы с лишением права занимать педагогические

должности и должности, связанные с работой с несовершеннолетними, сроком на 7 (семь) лет, с отбыванием наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

Срок к отбытию наказания исчислен с момента вступления приговора в законную силу.

На основании пункта 2) части 3 статьи 62 УК осужденному П. зачтено в срок отбывания наказания время содержания под стражей с 12 марта 2021 года до вступления приговора в законную силу из расчета один день за полтора дня отбывания наказания в виде лишения свободы в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

На основании статей 98-1, 98-2 УК с П. взыскан принудительный платеж в Фонд компенсации потерпевшим в размере 20-ти месячных расчетных показателей в сумме 58 340 тенге.

С осужденного П. взысканы процессуальные издержки в доход государства в сумме 441 026 тенге.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам суда г.Нур-Султана от 25 октября 2021 года приговор суда в отношении П. изменен, срок назначенного наказания увеличен до 8 (восьми) лет лишения свободы. В остальной части приговор оставлен без изменения.

По приговору суда П. признан виновным в совершении развратных действий без применения насилия в отношении заведомо малолетней потерпевшей.

В протесте Генеральный Прокурор Республики Казахстан, не оспаривая квалификацию и доказанность вины осужденного, просил изменить судебные акты в части назначения дополнительного наказания осужденному, назначив пожизненный запрет занимать педагогические должности и должности, связанные с работой с несовершеннолетними. В остальной части судебные акты оставить без изменения.

Как следует из материалов уголовного дела и приговора суда, П. признан виновным в том, что совершил развратные действия без применения насилия в отношении заведомо малолетней К., 4 декабря 2009 года рождения, имевшие место 12 марта 2021 года около 18:30 часов на лестничном пролете между 2-3 этажами жилого комплекса «R» в г.Нур-Султане.

Исходя из установленных обвинительным приговором обстоятельств дела, преступные деяния осужденного П., признанные доказанными судом, квалифицированы правильно по части 1 статьи 124 УК.

Вместе с тем судом допущено неправильное применение уголовного закона при назначении дополнительного наказания.

Санкция части 1 статьи 124 УК предусматривает дополнительное наказание в виде пожизненного лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

Согласно части 2 статьи 50 УК, за совершение преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних лишение права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью назначается обязательно и состоит в пожизненном запрете занимать педагогические должности и должности, связанные с работой с несовершеннолетними.

При таких обстоятельствах осужденному П. необходимо назначить дополнительное наказание в виде пожизненного лишения права занимать педагогические должности и должности, связанные с работой с несовершеннолетними.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменила судебные акты местных судов в отношении П.

Отменила дополнительное наказание в виде лишения права занимать педагогические должности и должности, связанные с работой с несовершеннолетними сроком на 7 (семь) лет.

Назначено дополнительное наказание в виде пожизненного лишения права занимать педагогические должности и должности, связанные с работой с несовершеннолетними.

В остальной части судебные акты оставлены без изменения.

Протест Генерального Прокурора Республики Казахстан удовлетворен.

Переквалификация действий подсудимого

Суд в нарушение требований статьи 24 УПК не принял во внимание доводы стороны защиты и дал неверную правовую оценку действиям осужденного

7 июня 2022 года

№ 2уп-100-22

Приговором Талдыкорганского городского суда Алматинской области от 10 июня 2021 года:

Ж., ранее судимый:

1) 13 октября 2011 года по пункту «г» части 2 статьи 179 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 5 годам лишения свободы;

2) 20 января 2012 года по пункту «б» части 3 статьи 178, части 6 статьи 58 УК к 5 годам 1 месяцу лишения свободы с отбыванием наказания в исправительной колонии общего режима,

- осужден по пункту 2) части 3 статьи 293 УК к 6 годам лишения свободы, по части 3 статьи 24, по пунктам 1), 3) части 2 статьи

125 УК к 11 годам лишения свободы. На основании части 3 статьи 58 УК путем поглощения менее строгого наказания более строгим окончательно назначено 11 лет лишения свободы с отбыванием наказания в учреждениях уголовно-исполнительной системы максимальной безопасности.

В соответствии с частью 1 статьи 14 УК в действиях Ж. признан рецидив преступлений.

Этим же приговором осуждены А., Н., Б., Е., Ә., Ж., М., З., Х., О., в отношении которых судебные акты не обжалованы.

Постановлено взыскать с осужденных Ж., М., Ш., А., Ә., Е. по 840 тенге 50 тиын с каждого за проведение судебно-медицинской экспертизы; с М., Ж., А., Н. с каждого процессуальные издержки в сумме 4 082 тенге за производство экспертизы; с М., Ш., Б., З., А., Н., Ә., Е., Ж., Х., Ж., О. принудительный платеж в размере 20 месячных расчетных показателей эквивалентных 50 500 тенге в Фонд компенсации потерпевшим.

Приговором суда Ж. признан виновным в совершении хулиганства, то есть особо дерзкого нарушения общественного порядка, выражающего явное неуважение к обществу, сопровождавшееся применением насилия к гражданам, группой лиц по предварительному сговору, с применением ножа, а также в покушении на похищение человека группой лиц по предварительному сговору, с применением насилия, опасного для жизни и здоровья.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Алматинского областного суда от 15 ноября 2021 года приговор суда изменен.

Отменен в части осуждения Ж. и О. по части 3 статьи 24, по пунктам 1), 3) части 2 статьи 125 УК с оправданием их по этой статье за отсутствием в действиях состава уголовного правонарушения.

Назначенное Ж. наказание по пункту 2) части 3 статьи 293 УК к 6 годам лишения свободы и О. по пунктам 1), 3) части 2 статьи 293 УК к 2 годам 6 месяцам лишения свободы оставлено без изменения.

В ходатайстве осужденный Ж., не соглашаясь с судебными актами, настаивает, что в момент совершения правонарушения у него не было ножа, просит переквалифицировать его действия с пункта 2) части 3 статьи 293 УК на часть 1 статьи 293 УК.

Изучив материалы уголовного дела и доводы ходатайства, выслушав выступление прокурора, полагавшего, что судебные акты подлежат изменению, судебная коллегия пришла к следующему.

Вина Ж. в совершении хулиганства с применением насилия к гражданам, группой лиц по предварительному сговору доказана совокупностью доказательств, исследованных в судебном заседании.

Сам осужденный не отрицал своего участия в совершении противоправных действий, оспаривая только применение им ножа.

Вместе с тем, суд в нарушение требований статьи 24 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК) не принял во внимание доводы стороны защиты и дал неверную правовую оценку действиям Ж.

В соответствии с пунктами 17, 18 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 12 января 2009 года № 3 «О судебной практике по делам о хулиганстве», при квалификации действий лица по части третьей статьи 293 УК судам при необходимости следует в соответствии с Законом Республики Казахстан от 30 декабря 1998 года № 339-І «О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия» и на основании заключения эксперта устанавливать, является ли примененный при совершении хулиганства предмет или устройство оружием, конструктивно предназначенным для поражения живой или иной цели.

Под применением ножей, специально приспособленных для причинения вреда здоровью, следует понимать как действия, направленные на использование их по прямому назначению для причинения вреда здоровью (нанесение колюще-режущих ударов и другие), так и умышленное использование их в качестве средства психического насилия.

При этом следует иметь в виду, что применение оружия предполагает только использование его поражающих свойств (к примеру, в случае нанесения во время хулиганства ударов рукояткой оружия, оно должно расцениваться как предмет, использованный для причинения вреда здоровью, а не как оружие).

При использовании в процессе хулиганских действий заведомо непригодного или незаряженного оружия либо иного предмета, лишь имитирующего оружие, указанное в части третьей статьи 293 УК, вне зависимости от восприятия его потерпевшим действия виновного не могут быть квалифицированы по части третьей статьи 293 УК.

Из заключения специалиста от 22 августа 2020 года № 274 следует, что нож, изъятый у Ж., холодным оружием не является, изготовлен заводским способом по типу туристических складных ножей.

Кроме того, при изучении материалов дела установлено, что нож изъят у Ж. спустя шесть месяцев после совершения правонарушения, признан вещественным доказательством постановлением от 4 октября 2020 года, однако на опознание потерпевшему не предъявлялся.

С учетом этого суд обоснованно пришел к выводу, что не установлена попытка применения именно этого ножа и, руководствуясь статьей 112 УПК, правильно исключил его из числа доказательств.

В основу выводов о доказанности применения Ж. ножа в ходе совершения хулиганских действий суд положил только показания

потерпевшего Ф., утверждавшего, что видел в руке догонявшего его парня нож.

В тоже время, согласно заключению судебно-медицинской экспертизы от 28 августа 2020 года № 25-12/1073, у Ф. имеются телесные повреждения в виде ссадины и кровоподтеков в области лица. Указанные повреждения квалифицируются как легкий вред здоровью. Локализация и характер телесных повреждений указывают, что они могли образоваться от воздействия тупого предмета.

Какие-либо объективные доказательства того, что Ж. именно с применением ножа нанес телесные повреждения Ф. по делу отсутствуют.

В соответствии с пунктом 19 вышеуказанного нормативного постановления демонстрация оружия либо других предметов при хулиганстве охватываются диспозицией части первой статьи 293 УК и не могут быть квалифицированы как хулиганство, совершенное с их применением, поскольку такие действия еще не свидетельствуют о применении (использовании) оружия либо других предметов, следовательно, не создают реальную угрозу для жизни и здоровья граждан.

При таких обстоятельствах коллегия считает, что квалифицирующий признак совершения Ж. хулиганства с применением ножа вменен ему излишне и подлежит исключению.

В связи с этим действия Ж. следует квалифицировать по пункту 1) части 2 статьи 293 УК.

Данное правонарушение относится к категории средней тяжести, соответственно подлежат отмене признание в действиях Ж. рецидива преступлений и признание его в качестве обстоятельства, отягчающего уголовную ответственность и наказание.

При определении вида и размера наказания коллегия принимает во внимание характер совершенного правонарушения, степень общественной опасности, личность виновного, ранее судимого, непогашение судимостей, наличие смягчающих и отягчающих уголовную ответственность и наказание обстоятельств.

В соответствии с подпунктом 2) пункта 2 статьи 2 Закона «Об амнистии в связи с тридцатилетием Независимости Республики Казахстан» от 7 декабря 2021 года, ввиду отсутствия ущерба, Ж. подлежит освобождению от основного наказания.

Размер принудительного платежа, взысканного с Ж. в Фонд компенсации потерпевшим, подлежит снижению до 15 месячных расчетных показателей, что в сумме составляет 37 875 тенге.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменила судебные акты местных судов в отношении Ж. Согласно этим изменениям:

исключен квалифицирующий признак совершения хулиганства с применением ножа;

переквалифицированы действия Ж. с пункта 2) части 3 статьи 293 УК на пункт 1) части 2 статьи 293 УК, по которой назначено наказание в виде 4 лет лишения свободы;

отменено признание в действиях Ж. рецидива преступлений и признание его в качестве обстоятельства, отягчающего уголовную ответственность и наказание;

снижена сумма взысканного с Ж. принудительного платежа в Фонд компенсации потерпевшим до 37 875 тенге;

в соответствии с подпунктом 2) пункта 1 статьи 2 Закона «Об амнистии в связи с тридцатилетием Независимости Республики Казахстан» от 7 декабря 2021 года Ж. освобожден от основного наказания;

Ж. был освобожден из-под стражи незамедлительно.

В остальной части судебные акты оставлены без изменения, ходатайство осужденного Ж. удовлетворено частично.



**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі
сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений судебной коллегии по гражданским
делам Верховного Суда Республики Казахстан**

Жер даулары бойынша

**Апелляциялық сот алқасы іс үшін маңызы бар
мән-жайлар ауқымын дұрыс айқындамаған және
оны анықтау үшін жеткілікті шаралар қолданбаған**

2022 жылғы 22 мамыр

№ 6001-22-00-32п/155

Талап қоюшы У. жауапкерлер Н.-ға, Шымкент қаласының әкіміне, «Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – ММ) әкімнің өкімін, мүлікті жария ету жөніндегі комиссияның шешімін жарамсыз деп тану және заңсыз салынған тұрғын үйді бұзу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

6.	Мүгедектердің құқықтары туралы халықаралық конвенция	24	16	4
7.	Орхус конвенциясын іске асыру шеңберінде	8	2	2
Жиыны:		501 80	185 82	110 24

Материалдық құқық нормаларын қолдану

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарты деп Қазақстан Республикасы шет мемлекетпен (шет мемлекеттермен) немесе халықаралық ұйыммен (халықаралық ұйымдармен) жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжаттарда екендігіне қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан (мысалы, шарт, конвенция, пакті, келісім және т.б.) халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісімді түсіну керек.

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуде халықаралық шарттарға елеулі рөл тиесілі, сондықтан қажет болған жағдайларда соттар Қазақстан Республикасының юрисдикциясы шегінде халықаралық құқық нормаларын басшылыққа алуға міндетті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы белгіленген тәртіппен жасасқан және Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациялаған халықаралық шарттардың оның заңдарынан басымдығы болады.

АПК-нің 1-бабының екінші бөлігіне, 2-бабының үшінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге

де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары азаматтық процестік құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысында Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын дұрыс және біркелкі қолдануды қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» 2008 жылғы 10 шілдедегі № 1 нормативтік қаулы (бұдан әрі – нормативтік қаулы) қабылданды.

Нормативтік қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституцияға және қабылданған халықаралық міндеттемелерге сәйкес өз аумағындағы және оның юрисдикциясындағы барлық адамдарға құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шетелдік тұлғалардың қатысуымен істерді қарау кезінде соттардың халықаралық шарттардың нормаларын, Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік соттардың шешімдерін тану және орындау, шетелдік соттардың сот тапсырмаларын орындау мәселелері жөніндегі материалдарды қолдану практикасын зерделеу Қазақстан Республикасы соттарының басқа мемлекеттің құзыретті органдарына сот тапсырмаларын жіберуі іске қатысатын адамдардың құқықтарын іске асыру, олардың өз міндеттерін адал орындауы, олардың сот-құқықтық қорғалуының тиімділігі үшін ұлттық заңнамадағы олқылықтарды, кемшіліктерді анықтауда елеулі маңызы бар.

2005 жылғы 28 қарашада Қазақстан Республикасы ратификациялаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 7, 8, 10- баптарының, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (бұдан әрі – АСҚХП) 3, 14-баптарының ережелерінде әркімнің өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін айқындау кезінде құзыретті, тәуелсіз және бейтарап соттың ақылға қонымды мерзімде әділетті және жария талқылауына құқығы бар.

Халықаралық ұйымдардың актілері, мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен Қазақстан Республикасының ішкі заңнамасы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша халықаралық құқықтық көмек көрсетуді көздейді.

Қазіргі уақытта Грузия, Литва Республикасы, Түркия Республикасы, Вьетнам Социалистік Республикасы, Үндістан Республикасы, Корей Халықтық Демократиялық Республикасы (бұдан әрі – КХДР), Моңғолия, Пәкістан Ислам Республикасы, Біріккен Араб Әмірліктері (бұдан әрі – БАӘ), Әзірбайжан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан

Республикасы сияқты елдермен азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетуді көздейтін Қазақстан Республикасының екіжақты шарттары жасалды, ратификацияланды және қолданылады.

Қазақстан Республикасы құқықтық көмек көрсетуді көздейтін көпжақты шарттарды ратификациялады: Азаматтық іс жүргізу мәселелері жөніндегі конвенция (1954 жылғы 1 наурыз); Азаматтық немесе сауда істері жөніндегі сот және соттан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы конвенция (1965 жылғы 15 қараша); Азаматтық немесе сауда істері бойынша шетелде дәлелдемелер алу туралы конвенция (1970 жылғы 18 наурыз); Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция (1993 жылғы 22 қаңтар); Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенцияға хаттама (1997 жылғы 28 наурыз), Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция (2002 жылғы 7 қазан) және көптеген басқалар.

Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану мүмкіндігі туралы мәселені шешу кезінде соттар Қазақстан Республикасының халықаралық шарты шартта көзделген немесе оларға қатысушылар келіскен тәртіппен және мерзімдерде күшіне енетінін негізге алуға тиіс. Уағдаластық болмаған кезде халықаралық шарт келіссөздерге қатысушы барлық мемлекеттер шарттың міндеттілігіне келісім білдіргеннен кейін күшіне енеді (1969 жылғы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 24-бабы).

Егер Қазақстан Республикасы шартқа қол қою, құжаттар алмасу, шартты ратификациялау, оны қабылдау, бекіту, шартқа қосылу арқылы не уағдаласушы тараптар келіскен кез келген басқа тәсілмен халықаралық шарттың өзі үшін міндетті екендігіне келісім білдірсе, халықаралық шарт қолданылуға жатады.

Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 28-бабына сәйкес, егер бұл шартта тікелей көзделмесе, халықаралық шарттардың кері күші болмайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 5) тармақшасының талаптары сақталуға тиіс.

Қажет болған жағдайларда соттар аталған халықаралық пактіге қатысушы ретінде Қазақстан Республикасы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін АСҚХП нормаларын басшылыққа алуға тиіс.

АСҚХП-нің 14-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сот алдында жұрттың бәрі тең және әрбір адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қайсыбір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде ісінің заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және әділ сот арқылы және соттылығына заңмен жатқызылған судьяның әділетті және ашық қарауын талап етуге құқылы.

Қорытуға келіп түскен істерді зерттеу республика соттарының 2019 жылы азаматтық істерді қарау кезінде халықаралық құқық нормаларын белсенді қолданғанын көрсетті. Бұл нормалар екі тарап ретінде қазақстандық жеке (ҚР азаматтары) және заңды тұлғалар қатысқан әртүрлі санаттағы көптеген істер бойынша (әсіресе некені бұзу туралы істер бойынша) қолданылғанын атап өткен жөн.

Мұндай тұлғалардың құқықтық қатынастары ұлттық заңнамамен реттелгенін ескере отырып, халықаралық құқық пен Қазақстан Республикасы құқығының қайшылықтары, ұлттық заңнамадағы олқылықтар болмаған кезде сот актілерінде халықаралық шарттардың ережелерін көрсету декларативті сипатта болды. Нәтижесінде статистикалық деректерде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларын қолдана отырып қаралған азаматтық істердің едәуір саны көрсетілген, ал олардың көп бөлігі ресми түрде қолданылған.

Жоғарғы Соттың жергілікті соттарға кейбір жағдайларда сот актілеріндегі халықаралық пактілердің (келісімдердің, шарттардың, декларациялардың) нормаларына сілтемелерді негізсіздігі туралы ескертулерінен кейін 2020 жылдан бастап халықаралық шарттардың нормалары қолданумен сот актілерінің саны күрт төмендеді.

Сонымен бірге Алматы қаласының, Павлодар, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының соттары іс бойынша тараптар Қазақстан Республикасының азаматтары немесе заңды тұлғалары болғанына қарамастан, шығарылатын сот актілерінде халықаралық пактілерге (келісімдерге, шарттарға, декларацияларға) сілтемелер жасауды жалғастыруда, дау шетелдік тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғамайды, ал туындаған құқықтық қатынастар қазақстандық заңнамамен жеткілікті дәрежеде реттелген.

Қазақстан Республикасы халықаралық шартты ратификациялау кезінде ұлттық заңнама халықаралық құқық стандарттарына сәйкес келтірілетінін назарға ала отырып, мұндай дауларды қарау кезінде халықаралық шарттарға сілтемелер артық болады.

Қорытылатын санат бойынша сот практикасын талдай отырып, мынадай істер мен материалдарды бөліп көрсетуге болады:

- неке-отбасы, еңбек қатынастарынан туындайтын, зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға байланысты азаматтық істер;
- шетелдіктердің қатысуымен және азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың;
- шетелдік соттардың құқықтық көмек туралы тапсырмаларын орындауға байланысты материалдар (АПК-нің 476-бабы);
- шетелдік соттардың шешімдерін, шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау (АПК-нің 501-504-баптары).

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға байланысты неке-отбасы, еңбек қатынастарынан туындайтын азаматтық істер бойынша сот практикасы

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қарашадағы 44/25 қарарымен қабылданған және Қазақстан Республикасы ратификациялаған Бала құқықтары туралы конвенцияның 18-бабының 1-тармағына сәйкес қатысушы мемлекеттер ата-анасының екеуінің де баланың тәрбиесі мен дамуы үшін ортақ және бірдей жауапкершілігін тану қағидаттарын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін күш-жігерлерді қабылдайды. Ата-анасы баланың тәрбиесі мен дамуы үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алады. Баланың ең қажет мүдделері олардың негізгі қамқорлығының мәні болып табылады.

Конвенцияның осы ережелеріне соттар ұл (қыз) асырап алу туралы, ата-ана құқықтарынан айыру, балалар ата-аналарының бірімен республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде балалардың тұрғылықты жерін айқындау туралы, алименттер өндіріп алу туралы істерді қарау кезіндегі шешімдерде сілтеме жасайды.

Балаларды тәрбиелеуге байланысты дауды шешу кезінде соттар Бала құқықтары туралы конвенцияның 12-бабының ережелерін ескеруге тиіс, оған сәйкес бала жасына қарамастан, өзінің мүдделерін қозғайтын барлық мәселелер бойынша өз пікірін еркін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік талқылау барысында тыңдалуға құқылы.

Қорытуға ұсынылған істерді зерделеу осы халықаралық норманы қолдануды республика соттары даудың мақсатына сәйкес және мәні бойынша жүзеге асыратынын көрсетті.

Батыс Қазақстан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Конвенцияның 12-бабын балалардың тұрғылықты жерін анықтау туралы О.-ның И.-ге талап қою арызы бойынша азаматтық іске қолданды. Психолог маманның қорытындысы мен балалардың пікірін ескере отырып, сот балалардың тұратын жерін әкесімен бірге анықтады.

Сонымен бірге некені бұзу туралы азаматтық істерді қарау кезінде халықаралық шарттардың нормаларын ресми және негізсіз қолдануға жол беріледі.

Мысалы, Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық сотының 2021 жылғы 19 сәуірдегі шешімімен Б.-ның С.-ға некені бұзу туралы талабы қанағаттандырылды. Алайда сот актісінің уәждеу бөлігінде АСҚХП-ның 14-бабына сілтеме орынсыз келтірілген.

Батыс Қазақстан облысының соттары Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 29 маусымдағы № 248 Заңмен ратификациялаған Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы 1979 жылғы 18 желтоқсандағы БҰҰ Конвенциясын 13 істі қарау кезінде қолданған, олар

бойынша тараптар дау айтпады және аталған норманы қолдану даудың нысанасына ешбір негізі жоқ.

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөніндегі дауларды қарау кезінде халықаралық құқық нормаларын қолдану жарамды және орынды болып табылады.

Осылайша Павлодар облысының МАЭС «U» ЖШС-ның (Юнилактис) «Ұ» фермерлік шаруашылығы» ЖШС-ға тауар таңбасын пайдалануды заңсыз деп тану, ақшалай өтемақы өндіріп алу туралы қойған талабын ішінара қанағаттандырды. Талапкердің құқығын бұзғанын тани отырып, сот 2010 жылғы 27 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің 4-бабына сілтеме жасады.

Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне «П» ӨК» ЖШС-ның 2018 жылғы 7 қыркүйектегі Апелляциялық кеңестің шешімін заңсыз деп тану, № 45698 куәлік бойынша «V» тауар белгісін тіркеуді қалпына келтіру туралы талабын қанағаттандырудан бас тартты. Сот талап қою арызын қанағаттандырудан бас тарта отырып, Өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясының (PARIS CONVENTION FOR the PROTECTION of INDUSTRIAL PROPERTY, StockholmAct 1967) 2-тармағының 6-бабының (Article 6 bis) ережелерін негізді қолданды, онда тауардың шығу тегіне қатысты жаңылыстыруға әкелуі мүмкін зиянды тіркелген тауар белгісін имитациялау жағдайында, Өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясының (PARIS CONVENTION FOR the PROTECTION of INDUSTRIAL PROPERTY, StockholmAct 1967) тауар таңбасын тіркеуді мүдделі тұлғалардың сұрауы негізінде белгісіз мерзім ішінде жарамсыз деп тануға мүмкіндік береді.

Қорытылған санаттағы істерді зерттеу 2020-2021 жылдары екі мемлекет - Қазақстан мен Ресей аумағында зейнетақы алатын азаматтарға уәкілетті органның талап қою арыздары бойынша істердің саны өскенін көрсетті.

Осы санаттағы істерді қарау кезінде соттар 1992 жылғы 13 наурыздағы «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарының кепілдіктері туралы» Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы келісімінің нормаларын басшылыққа алған.

Келісімнің 1 және 7-баптарына сәйкес Келісімге қатысушы мемлекеттердің азаматтары мен олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру олар аумағында тұратын мемлекеттің заңнамасы бойынша, яғни аумақтық қағидат бойынша жүзеге асырылады. Зейнеткер Келісімге қатысушы мемлекеттер шегінде қоныс аударған кезде бұрынғы тұрғылықты жері бойынша зейнетақы төлеу, егер зейнетақының сол түрі зейнеткердің жаңа тұрғылықты жері бойынша мемлекеттің заңнамасында

көзделсе, тоқтатылады. Зейнетақының мөлшері осы Келісімнің 6-бабының 3-тармағында көзделген шарттарды сақтай отырып, зейнеткердің жаңа тұрғылықты жері бойынша Келісімге қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес қайта қаралады.

Аталған келісім Келісімге қатысушы екі мемлекетте бір мезгілде зейнетақы алуды болдырмайды.

Көрсетілген келісімнің нормаларын басшылыққа ала отырып, Қостанай облысының Меңдіқара аудандық соты Әлеуметтік қорғау департаментінің Ж.-ға жасына байланысты заңсыз алынған зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін республикалық бюджетке өндіріп алу туралы талап қою арызын қанағаттандырды.

Өскемен қалалық сотының шешімімен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-тың Ресей Федерациясының (бұдан әрі – РФ) азаматы Л.-дан артық төленген зейнетақы төлемдерін өндіріп алу туралы талап қою арызы қанағаттандырылды, онда сот келісім нормаларын негізді қолданды.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың қатысуымен істерді қарау кезінде халықаралық құқықтық актілердің нормаларын қолдану

Аталған санаттағы істердің басым бөлігін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды шығарып жіберу туралы талап қою арыздары құрайды.

Қорыту шеңберінде келіп түскен істерді зерделеу республика соттарының көп жағдайда аталған дауларды қарау кезінде халықаралық құқық нормаларын қолданбай, ұлттық заңнама нормаларын басшылыққа алатынын көрсетті. Соттардың көрсетілген позициясы қате болып табылады.

Жоғарғы Сот аталған санаттағы істерді қарау кезінде шетелдік және азаматтығы жоқ адамдарды шығарып жіберу туралы істер бойынша қорыту жүргізу кезінде халықаралық шарттарды қолдану қажеттілігіне жергілікті соттардың назарын аударғанын атап өткен жөн.

Атап айтқанда мыналар көрсетілген: Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде жүрген шетелдіктерді шығарып жіберу туралы өтініштерді қарау формальды болмауға, соттар Қазақстан Республикасы Конституциясының және ратификацияланған халықаралық шарттардың ережелерін ескеруге тиіс, оларға сәйкес әрбір адам өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісінше тану мен құрметтеуді қамтамасыз ету, мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты, қоғамдық (қоғамдық) тәртіпті қорғау, қылмыстың алдын алу, халықтың денсаулығын немесе адамгершілігін қорғау үшін заңда белгіленген шектеулерге ғана ұшырауға тиіс.

Істерді талдау және статистикалық деректер Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының, Алматы, Маңғыстау, Қостанай облыстарының соттары шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды шығарып жіберу туралы азаматтық істерді қарау кезінде халықаралық шарттардың нормаларын қолданбайтындығын куәландырды.

Жамбыл, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының соттары аталған нормаларды қолданудың оң тәжірибесіне ие.

Нормативтік қаулының 11-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда соттар көрсетілген халықаралық пактіге қатысушы ретінде Қазақстан Республикасы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін АСҚХП нормаларын басшылыққа алуға тиіс.

АСҚХП-нің 13-бабына сәйкес осы Пактіге қатысушы мемлекеттердің қайсыбірінің аумағында заңды негізде жүрген шетел азаматын осы аумақтан, заңға сәйкес шығарылған шешімді орындау бағытында ғана қайтаруға болады, және де мемлекет қауіпсіздігінің императивті қажеттілігі басқадай шараларды талап етпесе, ол өзінің қайтарылуына қарсы дәлелдемелерді ұсынып, құзыретті өкімет арнайы тағайындаған, құзыретті өкімет орны, тұлға, немесе тұлғалар арқылы ісінің қайта қаралуын талап етуіне және осы мақсатпен сол өкіметтің, тұлғаның, немесе тұлғалардың алдына келтірілуіне құқығы бар.

Көрсетілген норманы Жамбыл облысының соттары Тәжікстан Республикасының азаматтары С.-ны, М.-ны, Қырғыз Республикасының азаматы А.-ны шығарып жіберу туралы Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің талап қою арыздары бойынша істерді қарау кезінде қолданған.

Павлодар қалалық соты А.-ның (Ресей Федерациясының азаматы) Павлодар қаласының әкіміне, «Павлодар қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт жасасудан бас тартуды заңсыз деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық істі қарады.

Шешім қабылдау кезінде бірінші сатыдағы сот 2007 жылғы 26 шілдеде күші жойылған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Ресей Федерациясы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы халықаралық шарттың 6-бабының 2-тармағын қолданды. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған бір мемлекеттің басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы 1998 жылғы 28 сәуірдегі басқа қолданылған халықаралық шарт заңды күшіне енген жоқ. Аталған қателерді апелляциялық сатыдағы сот түзетті.

2018 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Патенттік заңына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттардың негізінде берілген Еуразиялық патенттерді қоса алғанда, патенттерге дау айту соттың айрықша ведомстволығына жатқызылды. 3-бапта, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, ол қағидалардың басымдығын көзделген. Сондай-ақ Заң 1883 жылғы 20 наурыздағы «Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясын» тікелей қолдануды көрсетеді.

Аталған даулар мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығына жатады. Еуразиялық патенттерге дау айтылған жағдайда осындай дауларды қарау кезінде зияткерлік меншік саласындағы халықаралық шарттардың нормаларын қолдану міндетті сипатқа ие болады.

Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС Берингер ИНГЕЛЬХАЙМ ФАРМА ГмбХ УНД КО.КГ-ның (BOEHRINGER INGELHEIM PHARMA GMBH & CO.KG) «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі» мемлекеттік мекемесіне, «Р» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қазақстан Республикасының аумағында «ингаляцияға арналған капсулалар» өнертабысына № 005188 Еуразиялық патентті жарамсыз деп тану туралы Апелляциялық кеңестің 2018 жылғы 8 шілдедегі шешімін заңсыз деп тану туралы талап қою арызын қарау кезінде Еуразиялық патенттік конвенцияны (Конвенция) қолданды.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенцияның 13-бабына сәйкес нақты Уағдаласушы Мемлекетте Еуразиялық патенттің жарамдылығына немесе нақты Уағдаласушы Мемлекетте Еуразиялық патенттің бұзылуына қатысты кез келген дауды осы Конвенцияның және Патенттік нұсқаулықтың (Нұсқаулық) негізінде ұлттық соттар немесе осы Мемлекеттің басқа да құзыретті органдары шешеді. Шешімнің Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында ғана күші бар.

Конвенция мен Патенттік нұсқаулықтың нормаларын басшылыққа ала отырып, сот мәлімделген талаптардың негіздемесі бар жеткілікті дәлелдемелер ұсынбаған неміс компаниясының талаптарын қанағаттандырудан бас тартты.

Жоғарыда көрсетілген санаттардағы істер шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың қатысуымен қаралатынын назарға ала отырып, соттар Вена конвенциясында жазылған, халықаралық құқықтың көзі ретінде және олардың мемлекеттік және қоғамдық құрылымындағы айырмашылықтарына қарамастан, ұлттар арасындағы бейбіт ынтымақтастықты дамыту құралы ретінде шарттардың өсіп келе жатқан маңызын тануға бағытталған негізгі постулаттарды сақтау мақсатында халықаралық шарттардың нормаларын міндетті түрде қолдануды ұсынады.

Шетелдік соттардың құқықтық көмек туралы тапсырмаларын жіберуге және тапсырмаларын орындауға байланысты материалдарды қарау ерекшеліктері

Көрсетілген процесік әрекеттерді жасау кезінде соттар Қазақстан Республикасы соттарының шет мемлекеттер соттарының тапсырмаларын орындауды ұйымдастыру мәселелері бойынша, сондай-ақ сот шешімдерін және соттардың өзге де ресми құжаттарын орындау туралы өтінішхаттар бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Жоғарғы Сот аппараты) (бұдан әрі – Департамент) өзара іс-қимыл жасайтынын ескеруі тиіс.

«1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1453 қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы соттарының, шет мемлекеттер соттарының тапсырмалары, сот шешімдерін және соттардың өзге де ресми құжаттарын орындау туралы өтінішхаттар бойынша көрсетілген конвенциялардың ережелерін орындауға Соттар әкімшілері уәкілетті.

Осы конвенцияларға сәйкес құқықтық көмек көрсету және құқықтық көмекке жүгіну кезінде Соттар әкімшілері сот құжаттарын тікелей конвенцияға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарына жібереді.

Шет мемлекеттердің соттары мен басқа да мекемелерінің орындалмаған тапсырмалары және сот актілерін орындау туралы өтінішхаттарды қайтару немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы сот құжаттарын Соттардың әкімшілері Департамент арқылы конвенцияларға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарына жібереді.

Халықаралық шарт болмаған кезде басқа мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл халықаралық құқықта көзделген өзара түсіністік қағидаты негізінде және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта Қазақстан Республикасының заңнамасындағыдан өзгеше ережелер белгіленген жағдайларда, ратификацияланған халықаралық шарттың ережелері колданылады.

Қазақстан Грузиямен, Қырғызстанмен, Өзбекстанмен, Түркіменстанмен, Әзірбайжанмен, Литвамен, Түркиямен, Қытаймен, Вьетнаммен, КХДР-мен, БАӘ-мен, Үндістанмен, Пәкістанмен,

Моңғолиямен азаматтық және қылмыстық істер бойынша; АҚШ-пен, Румыниямен, БАӘ-мен, Үндістанмен, Кореямен, Чехиямен, КХДР-мен, Моңғолиямен, Испаниямен, Венгриямен, Монакомен және т.б. қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы екіжақты шарттар жасасты.

Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың тізімі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтында орналастырылған (сілтеме <http://sud.gov.kz/rus/kategoriya/mezhdunarodnyedogovory-0>).

Статистикалық деректерге және шет мемлекеттердің тапсырмаларын орындау кезінде зерделеуге ұсынылған материалдарға сәйкес соттар Департамент басшысының 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 6001-20-7-6/28 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы соттарының шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмек көрсетуі және құқықтық көмекке жүгінуі туралы әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады.

Республика соттарының халықаралық құқықтық көмек көрсету жөніндегі жұмыс практикасына сүйене отырып, республика соттары өзара іс-қимыл жасайтын негізгі елдер: Ресей Федерациясы, Украина, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Германия Федеративтік Республикасы, Польша, Болгария, отбасылық құқықтық қатынастармен байланысты істер бойынша Түркия Республикасы болып табылады.

Соттардың құқықтық көмек көрсетуіне және шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмек сұрап жүгінуіне байланысты құжаттарды дайындау сапасының мәселелері бұрынғысынша өзекті болып қала береді.

Осы бағыттағы соттардың жұмысын талдау талданатын кезеңнің алдындағы кезеңдермен салыстырғанда құжаттардың сапалы орындалуы мен ресімделуінің оң динамикасын көрсетеді, алайда халықаралық актілердің, Әдістемелік ұсынымдардың талаптарын жекелеген бұзушылықтар бар.

Мәселен, құжаттардың тиісінше ресімделмеуі, халықаралық шарттардың талаптарын сақтамауы салдарынан олардың қайтарылуы орын алып отыр.

Сот әкімшілері 2020 жылы 237 құжатты, 2021 жылы 223 құжатты соттарға қайтарды. Оның ішінде, тек Алматы қаласының СӘ 2020 жылы 158 құжат, 2021 жылы 109 құжат қайтарылды.

2021 жылғы 22 ақпанда Көкшетау қалалық сотына Б.-ға құжаттарды тапсыру туралы Германия Федеративтік Республикасының сот тапсырмасын орындау бойынша құжаттар қайтарылды, өйткені құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманың нысаны мен мазмұны бойынша халықаралық шарттың талаптары сақталмаған (1965 ж. Азаматтық немесе сауда істері бойынша сот және соттан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы конвенция бойынша куәлікті толтырмау);

Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласындағы Красносель аудандық сотының алименттік келісімді бұзу және М.-дан алиментті өндіріп алу мөлшерін өзгерту бөлігіндегі 2020 жылғы 3 маусымдағы шешімін Қазақстан Республикасының аумағында тану және мәжбүрлеп орындатуға рұқсат беру туралы М.-ның қолдаухатын орындау бойынша құжаттарды қайтару себебі Көкшетау қалалық сотының 2021 жылғы 10 қарашадағы ұйғарымында халықаралық шартқа қате сілтеме жасауы болып табылды., өйткені Ресей Федерациясы Кишинев конвенциясын (2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция) ратификациялаған ТМД-ға қатысушы мемлекет болып табылмайды. Соттың 2022 жылғы 21 қаңтардағы ұйғарымымен аталған қателік түзетілді.

Шет мемлекеттің шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды реттейтін барлық халықаралық шарттардың міндетті талабы оған қарсы шешім шығарылған, процеске қатыспаған тараптың тиісті тәртіппен болғанын және сотқа уақтылы шақырылғанын растайтын құжаттарды ұсыну болып табылады.

Шетелдік азамат не шетелдік заңды тұлға жауапкер болып табылатын азаматтық істерді соттар қараған кезде талап қою құжаттарын тапсыру және тиісінше хабарлау үшін жауапкердің орналасқан жері бойынша шетелдік сотқа сот тапсырмасын жіберудің маңыздылығы айтарлықтай болмайды. Мұндай істерді жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қозғау практикасы бар, бұған жол беруге болмайды, өйткені ол сот актісін одан әрі орындау мүмкіндігін жоққа шығарады.

Мәселен, Ақмола облысының МАЭС жеңілдетілген жазбаша іс жүргізу тәртібімен «С» ЖШС-ның «О» ЖШҚ-ға (Ресей Федерациясы) шарт бойынша берешекті және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қою арызы бойынша азаматтық іс қаралды. Жауапкерге іс қозғалғаны және оны соттың қарауы туралы хабарлау туралы құжаттар іс материалдарында жоқ.

Шетелдік соттардың шешімдерін, шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін тану және орындау (АПК-нің 501-504-баптары)

Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық, отбасылық, экономикалық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша сот актілерін тану тәртібі Әдістемелік ұсынымдардың 4-бөлімінде регламенттелген.

Сот шешімін тану және орындау туралы өтінішхатты (Минск Конвенциясының 53-бабы және Кишинев Конвенциясының 56-бабы) шешім пайдасына шығарылған тарап немесе сенімхат бойынша оның өкілі шешім орындалуға жататын басқа мемлекеттің құзыретті сотына береді (34-тармақ).

43-тармаққа сәйкес Киев келісімі бойынша шешімді тану және орындауды шешу мүдделі Тараптың өтінішхаты бойынша шешім орындалуға жататын құзыретті сотқа жіберіледі.

Әдетте, азаматтар, заңды тұлғалар, сондай-ақ соттар ТМД елдерінің соттарына республика соттары шығарған шешімдерді осы мемлекеттердің аумағында мәжбүрлеп орындатуды тану және шешу туралы өтінішхаттармен жүгінеді.

Сот шешімін мәжбүрлеп орындату туралы өтінішхат шешім орындалуға жататын елдің сотына беріледі. Өтінішхатты өндіріп алушының өзі немесе сенімхат бойынша оның өкілі береді. Мемлекет кірісіне өндіріп алу бойынша өтінішхатты істі қараған сот беруге өкілетті.

Бұл ретте мынадай құжаттарды: шешім, үкім не сот актісінің куәландырылған көшірмесі, егер өндіріп алынуға жататын сомалардың мөлшерін, тағайындалған жазаның мөлшерін өзгертсе (қылмыстық істер бойынша) жоғары тұрған соттың шешімі, сонымен қатар сот актісінің заңды күшіне енгені және орындалуға жататыны немесе шешімнің өзінен туындамаса шешім заңды күшіне енгенге дейін орындалуға жататыны туралы ресми құжат; сондай-ақ азаматтық істер бойынша – процеске қатыспаған, шешім шығарылған тарапқа істі қарау уақыты туралы тиісті түрде хабарланғаны, ал ол процестік әрекетке қабілетсіз болған жағдайда тиісті түрде ұсынылғаны жөнінде баяндалған құжат; сот актісінің Қазақстан Республикасының аумағында орындалмағаны немесе ішінара орындалғанын растайтын құжат қоса ұсынылады.

Өндіріп алушы өтінішхатты іс бойынша шешім шығарған сотқа да беруі мүмкін. Бұл сот өтінішхатты шетелдік сотқа жібереді, ол өтінішхат бойынша шешім шығаруға құқылы, бірақ өтінішхат міндетті түрде шет мемлекеттің сотына жіберілуге тиіс.

Шет мемлекеттің аумағында сот бұйрықтарын тану және орындау көрсетілетін құқықтық көмек көлеміне кірмейді.

Бұдан басқа, 1993 жылғы 22 қаңтардағы (Минск конвенциясы) және 2002 жылғы 7 қазандағы (Кишинев Конвенциясы) Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенциялардың нормаларына сәйкес сот талқылауының уақыты мен орны туралы уақтылы не тиісінше хабардар етпеу салдарынан сот процесінде жауапкердің болмауы сот актісін мәжбүрлеп орындатуды танудан және шешуден бас тартуға негіз болып табылады.

Шет мемлекеттің аумағында экономикалық соттың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды тануға және шешуге қатысты соттар 1998 жылғы 6 наурыздағы (Мәскеу қаласы) «Достастыққа қатысушы мемлекеттердің аумақтарында төрелік, шаруашылық және экономикалық соттарды орындау тәртібі туралы» келісімді басшылыққа алуы тиіс, ол экономикалық дауларды қозғайтын ТМД-ға қатысушылар мемлекеттерінің төрелік, шаруашылық

және экономикалық соттарының сот шешімдерін өзара орындау тәртібін реттейді. Ресей Федерациясы Үкіметінің 2013 жылғы 31 қазандағы өкіміне сәйкес Ресей Федерациясы Мәскеу келісіміне қатысушылар қатарынан шығып кеткен.

Осыған байланысты Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы құқықтық көмек саласындағы ынтымақтастық Минск конвенциясы және 1992 жылғы 20 наурыздағы «Шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы» Киев келісімі негізінде жүзеге асырылады.

Мүдделі тарап өтінішхатты экономикалық соттың шешімі орындалуға жататын құзыретті сотқа жіберген кезде жалпы юрисдикциядағы соттың шешімін тану туралы өтінішхатты жіберген кездегідей құжаттар қоса беріледі, сондай-ақ іс бойынша шешім шығарған сот жазып берген атқару парағы қоса беріледі.

Қорытылып отырған санат бойынша сот практикасын талдау көрсеткендей, соттар өтінішхаттарды қарау кезінде жоғарыда аталған нормативтік дереккөздерді басшылыққа алады, оларды қолдану қиындық тудырмайды, шығарылған сот актілері сирек жағдайларда түзетіледі.

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 2019 жылғы 27 қыркүйектегі ұйғарымымен К.-нің өтінішхаты қанағаттандырылды.

Ресей Федерациясы Мәскеу қаласы Хамовническая аудандық сотының 2018 жылғы 23 наурыздағы Т.-дан К.-нің пайдасына 10 000 000 рубль мөлшеріндегі қарыз сомасын, 698 698, 63 рубль мөлшеріндегі қарызды пайдаланғаны үшін пайыздарды, Ресей Федерациясының Орталық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша 10 000 000 рубль мөлшеріндегі негізгі қарыз сомасына есептелген қарызды пайдаланғаны үшін пайыздарды, 31 жылғы 2018 қаңтардан бастап сот шешімінің нақты орындалған күніне дейін 2 600 000 рубль мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын, 60 000 рубль мемлекеттік бажды қайтару үшін 2018 жылғы 31 қаңтардан бастап сот шешімінің нақты орындалған күніне дейінгі мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1% мөлшерлемесі бойынша 10 000 000 рубль мөлшеріндегі негізгі борыш сомасына есептелген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы шешімі Қазақстан Республикасының аумағында танылды және орындауға рұқсат етілді.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 29 сәуірдегі ұйғарымымен бірінші сатыдағы соттың ұйғарымы өзгеріссіз қалды.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқасының қаулысымен Т.-ның өтінішхаты бойынша апелляциялық саты ұйғарымның күші жойылды, материалдар соттардың халықаралық заңнама, АПК талаптарын сақтамауына байланысты сот актісінің орындалуын,

борышкердің процестік құқықтарының сақталуын тексеру бөлігінде жаңадан қарауға жіберілді.

Соттың 2020 жылғы 2 қазандағы ұйғарымымен «Б» ЖШҚ-ның Қазақстан Республикасының аумағында орындауды тану туралы өтінішхаты қанағаттандырылды. Мәскеу облысы Ступинский қалалық сотының «Б» ЖШҚ үшін Volkswagen Passat VIN WYWZZ3CZ7P074608 2006 жылы шығарылған, тіркеу белгісі P716ер799 автомобильге меншік құқығын тану, М.-дан «Бизнес групп авто» ЖШҚ-ның пайдасына лизингтік төлемдер бойынша 117 226 рубль мөлшеріндегі берешекті өндіріп алу туралы 2019 жылғы 9 сәуірдегі шешімі танылып, орындауға жіберілді. С.-дан 2006 жылы шығарылған Volkswagen Passat VIN wywzz3cz7p074608 маркалы, тіркеу белгісі P716EP799 автокөлігі алынып, талап қоюшы «Б» ЖШҚ-ға берілді.

Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 7 сәуірдегі ұйғарымымен бірінші сатыдағы соттың Минск Конвенциясының талаптарын орындамауына байланысты сот ұйғарымының күші жойылды. Сот шет мемлекеттің шешімін Қазақстан Республикасының аумағында тану үшін құқықтық негіздер болмаған кезде шет мемлекеттің шешімін орындау туралы сот актісін қабылдады, бұл өтінішхатты негізсіз қанағаттандыруға әкеп соқты.

Сонымен өтінішхатқа ҚР азаматы С. Ресей Федерациясының сотына тиісті тәртіппен уақтылы шақырылғаны туралы құжат қоса берілмеген. Сот РФ соты шешімінің шегінен шығып, ҚР азаматы С.-дан даулы автокөлікті алып қою туралы атқару парағын берді, ал бұл талаптар талап қою тәртібімен қаралуға жатады.

2019 жылғы 13 наурызда Ақмола облысы Біржан сал ауданының соты «А» жауапкершілігі шектеулі қоғамының (Беларусь Республикасы) «Арай» ШҚ-ға (Қазақстан Республикасы) мемлекеттік баж бойынша шығыстарды өтеуде 2930 евро берешекті, 612,50 рубльді өндіріп алу туралы азаматтық іс бойынша Беларусь Республикасы Брест облысының экономикалық сотының шешімін таныды және оның орындалуын шешті.

Ұйғарымда сот 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның (Минск) шешім пайдасына шығарылған тарап шешімді тану және орындау туралы өтінішхатты шешім орындалуға жататын Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына береді деген 56-бабына сілтеме жасаған.

Материалды апелляциялық сатыдағы сотта қарау кезінде Конвенцияға берілген сілтеме қате деп танылды, өйткені өтініш Кишинев Конвенциясы реттейтін тәртіппен орындалуы тиіс.

Сонымен қатар материалды аудандық сот соттылық ережелерін бұза отырып қарағанын атап өткен жөн, өйткені өтінішхат Ақмола облысының

МАЭС-те қаралуға тиіс. Аталған қатені апелляциялық сатыдағы сот түзеген.

Семей қалалық сотының 2020 жылғы 28 қаңтардағы ұйғарымымен «Т» АҚ-ның Ресей Федерациясы Тверь қаласының Пролетар аудандық сотының 2016 жылғы 7 қазандағы сырттай шешімін Қазақстан Республикасының аумағында тану және орындау туралы өтінішхаты қанағаттандырылды.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 19 мамырдағы ұйғарымымен Семей қалалық сотының 2020 жылғы 28 қаңтардағы ұйғарымының күші жойылып, өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот актісінің күшін жоя отырып, апелляциялық сатыдағы сот арыз берушінің талаптарын қанағаттандыру үшін құқықтық негіздердің жоқтығын көрсетті, өйткені шет мемлекеттің соты «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы» Конвенцияның 53-бабында көзделген талаптарды сақтамады (Минск қ., 1993 жылғы 22 қаңтар). Сот жауапкерді өзінің соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша хабардар етпеді, соның салдарынан Х. процеске шетелдік сотта қатыспады. Тиісінше Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік соттың шешімін мәжбүрлеп орындату үшін қажетті жағдайлар болған жоқ.

Жауапкердің тиісті хабарламасына байланысты осыған ұқсас негіздер бойынша Өскемен қалалық сотының 2020 жылғы 1 шілдедегі ұйғарымымен Ресей Федерациясы Алтай өлкесі Барнаул қаласының орталық аудандық сотының 2020 жылғы 16 наурыздағы шешімін тану және зиянды өтеу есебінен 72 102 рубль 11 тиынды және сот шығындарын Ә.-ден «Алтай өлкесінің автомобиль жолдары басқармасы» ҚМКУ пайдасына өндіру туралы «Алтай өлкесінің автомобиль жолдары басқармасы» өлкелік мемлекеттік қазыналық мекемесінің өтінішхатын қанағаттандырудан бас тартылды.

Өскемен қалалық сотының 2020 жылғы 5 ақпандағы ұйғарымымен Беларусь Республикасының азаматы Ж.-ның Минск қаласының Орталық ауданы сотының Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласында тұратын борышкер Ж.-дан кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы сот бұйрығы туралы 2017 жылғы 10 шілдедегі ұйғарымын Қазақстан Республикасының аумағында мәжбүрлеп орындатуға рұқсат беру туралы өтінішхатын қанағаттандырудан бас тартылды.

Минск қаласының Орталық ауданы сотының 2017 жылғы 10 шілдедегі сот бұйрығы туралы ұйғарымын Қазақстан Республикасының аумағында танудан және орындаудан бас тарта отырып, сот Кишинев конвенциясында

басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында шығарылған сот бұйрығы туралы ұйғарымдарды орындау көзделмегенін негізге алды.

Конвенцияның 54-бабында танылатын және орындалуға жататын басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында шығарылған шешімдердің тізбесі белгіленген.

Шет мемлекеттердің аумағында сот бұйрықтарын тану және орындау көрсетілетін құқықтық көмек көлеміне кірмейді.

АПК-нің 134-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сот бұйрықтарын соттар борышкерді шақырмай және сот талқылауынсыз арыз берушілердің даусыз талаптары бойынша шығарылады.

Сот талқылауының уақыты мен орны туралы уақтылы не тиісінше хабардар етпеу салдарынан жауапкердің сот процесінде болмауы сот актісін тануды және оның орындалуын шешуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Осыған байланысты, бұйрықтық іс жүргізуде өтініштерді қарау кезінде АПК-нің 138-бабы бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес борышкердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрғылықты жерінің болуы арыз берушіге талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгінуді түсіндіре отырып, сот бұйрығын шығару туралы арызды қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылатындығын ескеру қажет.

Сот бұйрықтарының Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде заңды күші болады және егер оны шығару кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының аумағында тұрған жағдайда ғана борышкердің тұрғылықты жері бойынша орындауға жіберіледі.

Қорытындылар

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуде халықаралық шарттар елеулі рөл атқарады, сондықтан қажет болған жағдайларда соттар Қазақстан Республикасының юрисдикциясы шегінде халықаралық құқық нормаларын басшылыққа алуға міндетті.

Жүргізілген қорыту жалпы алғанда республика соттарының азаматтық істерді қарау кезінде халықаралық шарттардың нормалары дұрыс қолданатынын көрсетті.

Сонымен қатар халықаралық шарттардың нормаларын формальды түрде қолдану жағдайлары кездеседі.

Павлодар, Батыс Қазақстан облыстарының соттары халықаралық құқықтық актілерді негізсіз жиі қолдануда.

Сонымен бірге Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының, Қостанай, Алматы, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарының соттары

шетелдік азаматтарды шығарып жіберу туралы істерді қарау кезінде халықаралық шарттардың нормаларын қолданбайды.

Ақмола, Алматы облыстарының, Шымкент қаласының соттары құқықтық көмек көрсету шеңберінде жіберілетін құжаттардың халықаралық нормаларға сәйкес келмеуіне, олардың тиісінше ресімделмеуіне жол берген. Көрсетілген кемшіліктер Республика сот жүйесінің беделіне теріс әсер етеді және халықаралық процеске қатысушылардың заңды құқықтарының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты соттар шетелдік соттардың сот тапсырмалары мен сот актілерін орындау тәртібі Әдістемелік ұсынымдарда толық регламенттелгенін, оларды бұзбау материалдардың қайтарылуын, сотта әуре-сарсанды болдырмайтынын ескергені жөн.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
СОТЫНЫҢ БЮЛЛЕТЕНІ**
ресми басылым

БЮЛЛЕТЕНЬ
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
официальное издание

Басуға 15.08.2022 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Қаріп түрі “Times New Roman”
Офсеттік басылым. Таралымы 1548 дана. Тапсырыс № 302.

Подписано в печать 15.08.2022 г.
Формат 60x84 ¹/₈. Шрифт “Times New Roman”
Печать офсетная. Тираж 1548 экз. Заказ № 302.

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, К.Байсейітова көшесі, 114/2.
Тел.: 37-70-74